

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Кәмелетке толмағандармен және оларға жасалатын қылмыстардың алдын алу бойынша жасалған профилактикалық жұмыстарға

### Хабарлама

№2Жамбыл атындағы орта мектебінде Балқаш ауданы прокурорының 2-04-23-00011 қбпү хатын негізге ала отырып, Балатопар ауылдық округінің әкімімен бірлескен жоспар құрылған болатын. Жоспарға сәйкес оқушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қоғамда тәртіп болмаса ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды демекші ата-аналарға жиналыс барысында да, өгей әкелерімен тұратын отбасылардың үйлерін аралау барысында да Қазақстан Республикасының Конституциясының Адам және азамат бойынша II бөлімінің 27 баптың 1 тармағына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болатындығы жайлы ескертілді. Сонымен катар баланың құқықтары жайлы да көп деген деректер де айтылды. Балалардың құқығының қорғау, оларға барша көмек көрсету мемлекет алдындағы бірінші кезекті міндеттердің бірі болып табылатындығы жөнінде де мағлұмат берілді. Профилактикалық жұмыстар тек үй аралаумен ғана шектеліп қоймай, жоспар бойынша оқушылармен мектеп қабырғасында да түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Айта кететін болсақ қазіргі танд мектебімізде өгей әкемен тұратын отбасылар саны- 2, оқушылар саны- 2. Оқушыларымен құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрады, осы орайда Балатопар ауылдық округінің участекелік полициясы ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Сейсембай Қуанышбек Қанатұлымен бірлесіп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психолгы, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесімен бірлесіп өгей әкемен тұратын отбасыларының үйін арарап қайттық. Қыз балалармен қыздар жиналысы өткізілсе, ұл балалармен «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында жиналыс өткізіліп, оқушылармен тренинг өткізілді. Мектеп психологімен бірлесіп жеке жұмыстар да жүргізілуде. «Тәрбие баламен сойлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл кенес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек»деген. Сол себепті де, мектеп әкімшілігі оқушылармен, ата-аналармен тығыз байланыс орнатып отырамыз.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Мурат* А.Карагаева